



2024 жылдың 01 ақпанына


Қазақстан Республикасының
банк секторындағы Жұмыс
істемейтін несиелер жағдайына шолу.



ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ
САТЫП АЛУ. БАСҚАРУ. САТУ.

2024 жылдың 1 ақпанына елдің 21 екінші деңгейлі банктерінің несие портфель көлемі 29 415,2 млрд теңгені (жиынтық активтердің 57,6%) құрады. Оның ішінде жұмыс істемейтін несие (NPL) көлемі 888 млрд теңге, немесе жалпы несие портфельінің 3% құрады (2024 жылдың 1 қаңтарына – 29 415,2 млрд теңге немесе 58%).

ҚР банк секторының жұмыс істемейтін несие деңгейінің динамикасы



Қарыз алушылар санаты бойынша жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі **жеке тұлғаларға** келеді – 602,7 млрд теңге немесе 68% (01.01.2024 ж. – 574,6 млрд теңге).

Шағын және орта бизнеске – 239,7 млрд теңге немесе 27% (01.01.2024 ж. – 244,5 млрд теңге).


Жұмыс істемейтін несиелердің ең аз көлемі **заңды тұлғаларға** келеді – 45 млрд теңге немесе 5% (01.01.2024 ж. – 44,2 млрд теңге).

01.01.2024 ж.

NPL құрылымы

01.02.2024 ж.

NPL құрылымы




Екінші деңгейлі банктер бөлінісінде жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі «KASPI BANK» АҚ келеді – 216 млрд теңге немесе несие портфелінің 4,8%.

Әрі қарай неғұрлым ірі NPL көлемі келесі банктерге келеді:

- «Қазақстан Халық Банкі» АҚ – 205 млрд теңге (*несие портфелінің 2,2%*);
- «First Heartland Jusan Bank» АҚ – 104 млрд теңге (*несие портфелінің 8,6%*);
- «Bereke Bank» АҚ – 81 млрд теңге (*несие портфелінің 5,8%*);
- «Еуразиялық банк» АҚ – 68 млрд теңге (*несие портфелінің 4,7%*).


Жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі бойынша 5 банк



Сонымен бірге несие портфеліндегі жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі «Банк ВТБ» ЕБ Ақ келеді – 8,7%.

Әрі қарай несие портфелінде жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі келесі банктерге келеді: «First Heartland Jusan Bank» Ақ (8,6%); «Нұрбанк» Ақ (6,4%); «Bereke Bank» Ақ (5,8%) және «Home Credit Bank» Ақ (4,8%).

Жұмыс істемейтін несиелердің ең жоғары үлесі бойынша 5 банк



Деректер көзі: nationalbank.kz
 материалды «Проблемалық кредиттер қоры» Ақ
 Корпоративтік даму департаменті дайындады